

Қызметкердің А.Ж.Т. _____

Лауазымы _____

Күні _____

1. Тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам

- жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлға
- лауазымды тұлға
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлға
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты:

- қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер
- кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл

- сыбайлас жемқорлық белгілері бар заңсыз кінәлі әрекет, ол үшін заңда қылмыстық жауапкершілік белгіленген
- сыбайлас жемқорлық белгілері бар заңсыз кінәлі әрекетсіздік, ол үшін заңда әкімшілік жауапкершілік белгіленген
- сыбайлас жемқорлық белгілері бар, заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген құқыққа қарсы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)
- сыбайлас жемқорлық белгілері бар заңсыз кінәлі әрекетсіздік, ол үшін заңда тәртіптік жауапкершілік белгіленген

4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық
- сыбайлас жемқорлық тәуекелі

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

- әдептілік, құқық бұзушылықтарға төзбеушілік, бірдей жұмысты орындағаны үшін бірдей еңбекақы төлеу
- меритократия қағидаты, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі, қазақстандық патриотизм

- баршаның заң мен сот алдындағы теңдігі, мемлекеттің мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік және құқықтық қорғауды қамтамасыз етуі
- заңдылық, жариялылық, ашықтық, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы

6. Жеке мүдделер мен лауазымдық өкілеттіктер арасындағы қайшылық, онда жеке мүдделер лауазымдық өкілеттіктердің тиісінше орындалмауына әкелуі мүмкін:

- мүдделер қақтығысы
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық
- сыбайлас жемқорлық тәуекелі

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесіне кірмейді:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат
- қаржылық бақылау
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлама

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесіне кірмейді:

- мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу
- заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу
- қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі
- сыбайлас жемқорлықтың халықаралық және ұлттық деңгейлерде таралу жай-күйі мен үрдістерін талдау мен бағалау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру, іске асыру және жетілдіру жөніндегі ұсыныстар қамтылған құжат.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мақсаты:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалау
- заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау
- мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау мыналарды көздейді:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі
- заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалау
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу

12. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау жүзеге асырылады:

- мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері
- Үкімет
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган
- құқық қорғау органдары

13. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүзеге асырылады:

- тек мемлекеттік органдар мен ұйымдар
- тек квазимемлекеттік сектор субъектілері
- мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері
- Үкімет

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі.
- тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі
- бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстары, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыру
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру деп түсіндіріледі:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі
- тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау процесі

Қызметкердің қолы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>